

**Стипендиялық бағдарламаларға қатысу үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларын бекіту туралы**

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 8 қазандағы № 548 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 10 қазанда № 17520 болып тіркелді**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 46-18) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қоса беріліп отырған Стипендиялық бағдарламаларға қатысу үшін үміткерлерді іріктеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Ә.Ж. Тойбаев) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз түріндегі және электронды көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) , 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр Е. Сағадиев

**Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 8 қазандағы  
№ 548 бұйрығына  
қосымша**

**Стипендиялық бағдарламаларға қатысу үшін үміткерлерді іріктеу қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Стипендиялық бағдарламаларға қатысу үшін үміткерлерді іріктеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 46-18) тармақшасына сәйкес әзірленді және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – ЖОО) шетел азаматтары, оның ішінде

Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдардың білім алуы үшін стипендиялық бағдарламаларға қатысу үшін үміткерлерді іріктеу тәртібін айқындайды.

2. Шетелдіктерді, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын, ұлты қазақ адамдарды (бұдан әрі – Үміткерлер) қазақстандық жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында стипендиялық бағдарламалар бойынша оқытуды қаржыландыру бакалавриат, магистратура білім беру бағдарламалары бойынша толық оқу кезеңіне немесе бір оқу жылына немесе бір академиялық кезеңге бюджет қаражатын бөлу арқылы жүзеге асырылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) стипендиялық бағдарламалар – қазақстандық ЖОО-да шетел азаматтарын, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ адамдарды оқытуды көздейтін және мемлекеттік бюджет қаражатынан қаржыландырылатын бағдарламалар;

2) стипендия – білім алушыларға олардың тамақтануына, тұруына және оқу әдебиетін сатып алуына жұмсалатын шығыстарды ішінара жабу үшін берілетін ақша сомасы;

3) Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар – Қазақстан Республикасының шекарасынан тыс аймақтарда тұратын этникалық қазақтар;

4) оқу үлгерімінің орташа балы (GPA – Grade Point Average (Грейд Пойнт Эверейдж)) – аралық аттестаттау пәндері бойынша кредиттердің жалпы санына қарай аралық аттестаттау пәндерінің балдық бағасының сандық эквиваленті мен кредиттер сомасының қатынасы ретінде білім алушының таңдаған бағдарлама бойынша бір оқу жылындағы қол жеткізген оқу үлгерімінің таразыланған орташа бағасы;

5) білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені;

6) конкурстық комиссия – қазақстандық ЖОО-да стипендиялық бағдарламалар бойынша білім алу үшін үміткерлерді іріктеу мақсатында білім беру саласындағы уәкілетті орган құрған комиссия;

7) үміткер – осы Қағидаларда қарастырылған талаптар мен шарттарға жауап беретін және конкурсқа қатысатын шетел азаматы немесе Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлға;

8) бейімделу әлеуетті айқындауға арналған тестілеу – жаңа ортаға үміткерлердің сабырлылығын айқындау бойынша тестілеу;

9) стипендиялық бағдарламаның операторы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

10) оператор порталы – стипендиялық бағдарламаларға қатысу үшін үміткерлерді онлайн тіркеу веб-ресурсы.

4. Стипендиялық бағдарлама шетел азаматтарына, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ адамдарға қазақстандық ЖОО-да бакалавриат, магистратура білім беру бағдарламалары бойынша толық оқу кезеңіне

немесе бір оқу жылына немесе бір академиялық кезеңге білім алу үшін беріледі.

5. Бір оқу жылына немесе бір академиялық оқу кезеңіне берілетін стипендиялық бағдарламалар шетел студенттеріне қазақстандық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алу үшін халықаралық кредиттік мобильділік қағидаттарына сәйкес беріледі.

## **2-тарау. Стипендиялық бағдарламаларға қатысу үшін үміткерлерді іріктеу тәртібі**

6. Оператор үміткерлердің білім алуы үшін қазақстандық ЖОО-ға қабылдауды ұсынатын стипендиялық бағдарламалар бойынша ақпаратты өз порталында орналастырады.

Үміткерлердің бейімделу әлеуетін айқындауға арналған тестілеуді, сондай-ақ онлайн әңгімелесуді оператор жүргізеді.

7. Үміткерлер қазақстандық ЖОО-лар мен білім беру бағдарламаларын таңдауды өз бетінше жүзеге асырады.

8. Үміткерлерден өтініштерді қабылдау білім беру саласындағы уәкілетті орган операторының веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

9. Толық оқу кезеңінде білім алу үшін үміткерлер келесі құжаттарды ұсынады:

1) білім беру бағдарламасы көрсетілген өтініш;

2) жеке куәліктің көшірмесі;

3) алдыңғы білім деңгейі туралы құжаттың көшірмесі (бар болған жағдайда транскриптімен қоса);

4) қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі уәждемелік эссе;

5) қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі ұсыным хаттар;

6) денсаулығы туралы медициналық анықтама (ЖИТС, Флюорография);

7) толтырылған сауалнама;

8) сотталмағандығы туралы анықтама.

10. Бакалавриат бағдарламасы бойынша бірінші курсқа үміткерлер конкурстық комиссия шешімімен қабылданады, бұл ретте:

1) кемінде «жақсы» деген бағасы бар негізгі орта білім туралы аттестаттың немесе куәліктің орташа балы;

2) жоспарланған оқу тілінің жалпыеуропалық құзыреттілікке сәйкес кемінде B2 деңгейдегі (CEFR) шетел тілін меңгеруі ескеріледі.

Магистратура бағдарламасы бойынша бірінші курсқа үміткерлерді іріктеуді конкурстық комиссия жүргізеді, бұл ретте:

1) кемінде 3.3 (4.0-ден) GPA орташа балымен бакалавр немесе маман дипломы немесе оның білім беру ұйымдарында алған баламасы;

2) кемінде B1 деңгейінде ағылшын тілін меңгеруі ескеріледі.

11. Бір академиялық кезеңге немесе бір академиялық жылға үміткерлерді іріктеу келесі құжаттарды ұсыну бойынша жүзеге асырылады:

- 1) білім алу үшін білім беру бағдарламасы көрсетілген өтініш-негіздеме;
- 2) жеке куәліктің көшірмесі;
- 3) ЖОО басшысымен қол қойылған ағымдағы оқу үлгерімі туралы анықтама;
- 4) қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі уәждемелік эссе;
- 5) қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі ұсыным хаттар;
- 6) оқу тілін меңгергендігін растайтын сертификат;
- 7) денсаулығы туралы медициналық анықтама (ЖИТС, Флюорография);
- 8) сотталмағандығы туралы анықтама;
- 9) үміткердің жеке оқу жоспары.

12. Шетел азаматтарын, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ адамдарға арналған стипендиялық бағдарламаларға үміткерлерді іріктеу бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган үміткерлерді іріктеу жөніндегі конкурстық комиссияны құрады (бұдан әрі – Іріктеу жөніндегі комиссия).

13. Іріктеу жөніндегі комиссия білім беру саласындағы уәкілетті орган, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, білім беру саласындағы азаматтық қоғам институттары өкілдерінен қалыптасады және тақ саннан тұрады және басым дауыспен Төраға сайланады.

14. Комиссия оператор ұсынған құжаттарды қарастырады және басым дауыстың шешімімен шетел азаматтарын, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарды қабылдау бойынша шешім қабылдайды.

15. Үміткердің құжаттар топтамасы толық болмаған жағдайда Іріктеу жөніндегі комиссия оның оқуға берген өтінішін кері қайтарады.

16. Толық білім беру бағдарламасы бойынша стипендиялық бағдарламаға үміткерлерді іріктеу:

- 1) алдыңғы білім деңгейінің орташа балы немесе GPA;
- 2) уәждемелік эссені қарастыру нәтижесі;
- 3) ұсыным хаттар бойынша жүзеге асырылады.

17. Стипендиялық бағдарламалар бойынша шетел азаматтарын, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарды қабылдау жөніндегі Комиссия шешімі басым дауыспен қабылданады және Комиссия төрағасы мен қатысушы өкілдер қол қойылатын хаттамамен рәсімделеді. Бірдей дауыс болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

18. Жоғары оқу орны білім беру бағдарламасы мен оқу мерзімі көрсетілген шетел азаматтарын мен (немесе) студенттерді контингент құрамына қабылдау бойынша бұйрық шығарады.

19. Білім бағдарламасы бойынша оқуды табысты аяқтаған жағдайда, жоғары оқу орны шетел азаматтары, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарға білімі бойынша тиісті құжат (транскрипт немесе қосымшасымен бірге диплом немесе транскриптімен қоса куәлік) береді.